

Купешова Б.К., Когут О.Ю.

**Қаржылық есептілік  
кәсіпорынның қаржы  
менеджментінің  
индикаторы ретінде**

Кәсіпорын және қаржылық есептілікті пайдаланушылары арасындағы байланыстырушы буын ретінде қаржылық есептілік қарастырылады. Ұсынылған қаржылық есептіліктегі ақпаратқа кәсіпорынның болашағы байланысты. Кәсіпорынды басқаруда индикаторлар жүйесі индикативтік басқару жүйесінің құралдарының құрамына кіретін индикаторлар жүйесімен қатар екінші ретті болып табылады. Индикатор – бұл сапалық-сандық сипаттамасы қарастырылып отырған процесс немесе құбылыс. Ол өзгеру динамикасын немесе нормативтік көрсеткіштен ауытқуды көрсетеді. Кәсіпорын қызметін стратегиялық басқаруда көрсеткіштер жүйесінің танымалы жүйесі Нортон-Капланның теңдестірілген көрсеткіштер жүйесі (BSC) болып табылады. BSC, ең алдымен кәсіпорынның жоғары деңгейдегі басқарушылары мен меншік иелеріне арналған. Қаржылық индикаторларды зерттеу үшін қаржылық есептілігін пайдалану қажеттігі туындайды, ол қаржылық менеджмент индикаторы ретінде қаржылық есептілік екендігін растайды.

**Түйін сөздер:** есептілік, қаржылық менеджмент, қаржылық есептілік, қаржылық талдау, қаржылық көрсеткіштер, қаржылық коэффициенттер.

Kupeshova B.K., Kogut O.U.

**Financial reporting as indicator  
of financial management of  
enterprise**

The financial reporting is examined as an interlink between an enterprise and his users. From представленной in the financial reporting of information, the future of enterprise depends. In a management an enterprise the system of indicators is by the system the second order, along with the system of instruments entering in the complement of the system of indicative management. Indicator it is qualitatively-quantitative description of the examined process or phenomenon. He shows a change in a dynamics or deviation from a normative value. In the strategic management of activity of enterprise the most well-known system of indexes is the Balanced system of indexes of Нортон-Каплана (BSC). BSC unites financial and unfinancial indicators. BSC contains having a special purpose indexes wrap-round all strategically important spheres of activity of organization; forms причинно-следственные connections between all groups of indexes; serves as an instrument for realization of strategies of organization and increase of dataware of acceptance of administrative decisions; forms indicators for a management by organization and т. of п. BSC foremost created for the leaders of higher level of management and owners of enterprises.

**Key words:** Accounting, financial management, financial reporting, financial analysis, financial indexes, financial coefficients.

Купешова Б.К., Когут О.Ю.

**Финансовая отчетность  
как индикатор финансового  
менеджмента предприятия**

Финансовая отчетность рассматривается как связующее звено между предприятием и его пользователями. От представленной в финансовой отчетности информации зависит будущее предприятия. В управлении предприятием система индикаторов является системой второго порядка, наряду с системой инструментов, входящей в состав системы индикативного управления. Индикатор – это качественно-количественная характеристика рассматриваемого процесса или явления. Он показывает изменения в динамике или отклонение от нормативного значения. В стратегическом управлении деятельности предприятия известной системой показателей является Сбалансированная система показателей Нортон-Каплана (BSC). BSC, прежде всего, создана для руководителей высшего уровня управления и собственников предприятий. Для исследования финансовых индикаторов возникает необходимость использования финансовой отчетности, что подтверждает определение того, что финансовая отчетность является индикатором финансового менеджмента предприятия.

**Ключевые слова:** отчетность, финансовый менеджмент, финансовая отчетность, финансовый анализ, финансовые показатели, финансовые коэффициенты.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ИНДИКАТОРЫ РЕТІНДЕ

### Кіріспе

Соңғы кездері қаржылық есептіліктің кәсіпорын қызметіндегі маңыздылығы өсуде. Қаржылық есептілік қаржылық нысандардың жиынтығы болып, тұтынушыларға ұсыну мақсатында қаржылық есеп мәліметтері негізінде құрастырылады.

Қаржылық есептілік кәсіпорын және оның сыртқы ортасы араларындағы байланыстырушы буын болып табылады. Қаржылық есептілікте ұсынылған ақпараттарға кәсіпорынның болашағы байланысты. Кәсіпорын мен қаржы нарықтары араларындағы байланыстың тиімділігін қамтамасыз етуде жауапкершілік жоғары басқарушылық буын қаржылық менеджерлеріне жүктеледі.

Қаржылық есептілік жеке кәсіпкердің немесе ұйымның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат болып табылады.

**Эксперименттік бөлім.** Кәсіпорынның индикаторлары мен қаржылық менеджменттегі индикаторларының теориялық негіздері Джозеф Джуран, Питер Друкер, Дэвид Нортона, Роберт Каплан, Д.В. Арутюнов, Г.В. Савицкая, В.В. Ковалев, К.Ш. Дюсенбаев, т.с.с. еңбектерінде көрініс тапқан.


Зерттеудің әдістемелік негізі болып диалектикалық әдіс таным болып табылады, сонымен қатар зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер мен арнайы танысу әдістері де пайдаланылды.

Қаржылық есепке қызығушылық танытатын сыртқы пайдаланушылар екі топқа бөлінеді: компания қызметіне тікелей мүдделі және жанама мүдделі тұтынушылар.

Кәсіпорын қызметіне тікелей мүдделі тұтынушылардағы (1-сурет) мемлекет атынан салық органдары, ең алдымен, есептік құжаттарды жасау дұрыстығын, салықтардың есептелуін тексереді, салық саясатын анықтайды.

Қазіргі және әлеуетті кредиторлар қаржылық есептілікті несие беру немесе ұзарту орындылығын бағалау үшін, несие беру талаптарын анықтау үшін, несиені қайтару кепілдіктерін күшейту, кәсіпорынға клиент ретінде сенімділікті бағалау.

Жабдықтаушылар және сатып алушылар клиентпен іскерлік байланыстардағы сенімділікті анықтайды.




**1-сурет** – Кәсіпорын қызметіне тікелей мүдделі тұтынушылар  
Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Қазіргі және әлеуетті кәсіпорын құралдарының меншік иелері қаржылық есептілікті мыналарды анықтауда қолданады: кәсіпорынның меншікті қаражаттарының үлесі ұлғаюы немесе азаюын анықтауда, компанияның ресурстарды пайдалану тиімділігін есептеуде. Кәсіпорын қызметкерлері олардың жалақысының деңгейі

мен жұмыс жасау перспективалары тұрғысынан мәліметтерге қызығушылық танытады.

Қаржылық есептілікті тұтынушылардың екінші тобы – жанама мүдделі тұтынушылар, тікелей мүдделі емес. Алайда, бірінші топтағы пайдаланушылар мүдделерін қорғау үшін есептілігін зерделеу оларға қажет.



**2-сурет** – Кәсіпорын қызметіне жанама мүдделі тұтынушылар  
Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Екінші топ – кәсіпорын қызметіне жанама мүдделі тұтынушылар. Олардың ішінде:

Аудиторлық қызмет орындары инвесторлар мүдделерін қорғау мақсатында есептіліктің ақпараттарын ережелерге сәйкес болуын тексереді.

Қаржылық сұрақтар бойынша кеңесшілер өз тұтынушыларына капиталдарын қандай компанияға салғаны дұрыс болатыны туралы қаржылық кеңес беруге.

Бағалы қағаздар биржалары компанияның қаржылық есептіліктеріндегі ақпараттарды

фирманы тіркеу кезінде, олардың қызметін биржада тоқтату туралы шешім қабылдауда қолданады.

Заңгерлер контракттар шарттарын орындауды бағалауда, пайданы дивидендтер төлеудің заңдылығының сақталуы үшін, зейнеткерлік қамтамасыз етілудің шарттарын анықтауда қолданады.

Пресса және ақпараттық агенттіктер, шолу дайындау үшін, жеке компаниялар мен салалардың даму үрдісін бағалау мен қаржылық есептіліктің жалпылама көрсеткіштерін талдау үшін есептілікті пайдаланады.

Сауда-өндірістік қауымдастығының пайдаланатын есептілігі салалар бойынша статистикалық қорытындылау мен салалар деңгейінде компаниялар қызметтерінің нәтижесін салыстырмалы талдау мен бағалау.

Кәсіподақтар жалақы мен еңбек келісімдерінің шарттарына өз талаптарына қатысты ақпаратты анықтау үшін, сонымен қатар, кәсіпорын жататын саланың даму үрдістерін бағалау үшін қолданады.

Қаржылық есептілігіне мүдделі ішкі тұтынушыларға компанияның басшылары мен әр түрлі деңгейдегі менеджерлер жатады. Қаржылық есептілігі негізінде қаржылық ресурстарға деген қажеттілік анықталады, инвестициялық шешімдердің дұрыс қабылдануы мен капитал құрылымы бағаланады, дивидендтік саясатының негізгі бағыттары анықталады, есептіліктің болжамды нысандары құрастырылып, алдағы есеп кезеңдері бойынша қаржылық көрсеткіштер алдын ала есептелінеді, басқа компаниямен бірігу және оған иелену, құрылымдық қайта ұйымдастыру мүмкіншілігі бағаланады.

Индикатор зерттелетін процесс немесе құбылыстың сапалық-сандық сипаттамасын бейнелейді. Ол өзгеру динамикасын немесе нормативтік талаптардан ауытқуды суреттейді. Индикативтік басқару жүйесінде, индикатор вектор ретінде даму бағытын анықтайды, ал көрсеткіш ретінде зерттелетін процесс немесе құбылыс туралы ағымдағы жағдайды сипаттайды.

Кәсіпорын қызметін стратегиялық басқару мен бағалау көрсеткіштерінің әйгілі жүйесі – Нортон-Каплан көрсеткіштердің теңгерілген жүйесі (Balanced Scorecard – BSC) қаржылық және қаржылық емес индикаторларды біріктіреді.

Зерттеу нәтижелері теңгерімді индикаторлар жүйесінің тұжырымдамасын туғызды, ол өзіндік басқару тақтасында толтырылған төрт топ индикаторлары болды: қаржылық көрсеткіштер индикаторлары, тұтынушылардың индикаторлары,

бизнес-процестерінің индикаторлары, кадрлық әлеуетінің индикаторлары.

BSC кәсіпорын қызметін басқарудың стратегиялық жүйесі ретінде қарастырылады. Ол жоғары басқару деңгейінің көрсеткіштерін төменгі деңгейге жеткізуге мүмкіншілік береді.

Көрсеткіштердің теңгерілген жүйесі көптеген артықшылықтарымен сипатталады: құрамында кәсіпорынның барлық стратегиялық маңызды салаларын қамтитын нысаналы көрсеткіштерін құрайды (қаржы, нарық, өндіріс және инновациялар); барлық топтардың көрсеткіштерінің арасындағы себеп-салдарлық байланысты қалыптастырады; басқару шешімдерін қабылдауда ақпараттық қамтамасыз етуді арттыру және кәсіпорынның стратегияларын іске асыру құралы ретінде қызмет етеді; индикаторларларды қалыптастырады (20-25 көрсеткіштер) – кәсіпорында басқару үшін бағдарлар және т.б.

Бұл ретте бұл жүйені пайдалану сапасы және жүзеге асыру едәуір дәрежеде негізгі көрсеткіштерін ақпараттық қамтамасыз етуге байланысты (әсіресе қаржылық емес көрсеткіштерге тиісті) және жүйелі бақылау көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстарды іздеу, ұсынатын немесе нақты өзгерістердегі себеп-салдарлық байланыстарды іздеу.

BSC, ең алдымен кәсіпорынның жоғары деңгейдегі басқарушылары мен меншік иелеріне арналған.

Кәсіпорында Д. Нортон және Р. Капланның теңдестірілген индикаторлар жүйесін енгізу кезінде негізгі көрсеткіштерді іріктеу критерийлерін қалыптастыру қажет.

Ол критерийлерге мыналарды жатқызу орынды: кәсіпорынның ұзақ мерзімді перспективада даму стратегиясымен индикаторлардың байланысы, индикаторлардың сандық өрнегі; қолжетімділігі, ақпараттық ашықтығы, индикаторларды бірыңғай түсіндіру.

Бағалау субъектісіне қарамастан кәсіпорын қызметінің тиімділігін талдау қаржылық көрсеткіштерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Renaissance Worldwide және CFO Magazine журналының 200 ірі компаниялар арасында жасаған зерттеуі бойынша, жеке пайдалануындағы тиімділікті бағалау жүйелері, тек қаржылық көрсеткіштер жүйесіне негізделген. Отандық кәсіпорындарының менеджментінің жеткіліксіз дамуын ескере, олардың 90% көбі, кәсіпорынның қызметінің нәтижесін талдау барысында қаржылық көрсеткіштерді ғана басшылыққа алады.

Сонымен қатар, қаржылық-кредиттік мекемелер, әлеуетті инвесторлар, мемлекеттік билік органдары және т.б. отандық кәсіпорындардың несиесі қабілеттілігін, инвестициялық тартымдылығын және бәсекеге қабілеттілігін бағалау

кезінде қаржылық көрсеткіштер негізгі болып табылады.

Әдетте, кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау әдістемесі келесі топ көрсеткіштерін есептеуді көздейді.

1-кесте – Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау көрсеткіштерінің топтары

Топтың аты	Топ көрсеткіштері
Өтімділік көрсеткіштері	<ul style="list-style-type: none"> <li>– жабу коэффициенттері</li> <li>– жылдам өтімділік</li> <li>– абсолюттік өтімділік</li> <li>– таза айналым капиталы</li> </ul>
Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері	<ul style="list-style-type: none"> <li>– автономия коэффициенттері</li> <li>– қаржыландыру коэффициенттері</li> <li>– меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз ету коэффициенті</li> <li>– меншікті капиталды маневрлеу коэффициенті</li> </ul>
Іскерлік белсенділіктің көрсеткіштері	<ul style="list-style-type: none"> <li>– активтер айналымдылығының коэффициенті</li> <li>– кредиторлық және дебиторлық борыштар коэффициенттері</li> <li>– материалдық босалқы қорлар</li> <li>– негізгі құралдар</li> <li>– меншікті капитал коэффициенттері</li> <li>– кредиторлық және дебиторлық борыштарды өтеу мерзімдері</li> </ul>
Рентабелділік көрсеткіштері	<ul style="list-style-type: none"> <li>– активтер рентабелділігінің коэффициенті</li> <li>– меншікті капитал рентабелділігі коэффициенті</li> <li>– өнім рентабелділігі коэффициенті</li> <li>– кәсіпорын қызметінің рентабелділік коэффициенті</li> </ul>
Ескерту: Авторлармен құрастырылған	

Өтімділік көрсеткіштері келесі әдістер бойынша анықталады, оларды анықтауда қаржылық есептілік ақпараттарындағы қажеттілігін дәлелдейді:

$$\text{Жабу коэффициенті} = \frac{\text{Айналым активтері}}{\text{Ағымдағы міндеттемелер}}$$

$$\text{Жылдам өтімділік коэффициенті} =$$

$$\frac{\text{Жоғары және орташа өтімді айналым активтері}}{\text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}}$$

$$\text{Абсолюттік өтімділік} =$$

$$\frac{\text{Жоғары өтімді айналым активтері}}{\text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}}$$

$$\text{Таза айналым капиталы} =$$

$$\frac{\text{Қысқа мерзімді активтер}}{\text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}}$$

Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері:

$$\text{Автономия коэффициенті} =$$

$$\frac{\text{Меншік қаражаттары}}{\text{Активтер жиынтығы}}$$

$$\text{Қаржыландыру коэффициенті} =$$

$$\frac{\text{Меншік қаражаттары}}{\text{Қарыз қаражаттары}}$$

$$\text{Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз ету коэффициенті} =$$

$$\frac{\text{Меншікті айналым қаражаттары}}{\text{Айналым активтері}}$$

$$\text{Меншікті капиталды маневрлеу коэффициенті} =$$

$$\frac{\text{Меншікті айналым қаражаттары}}{\text{Меншік қаражаттарының жиынтығы}}$$

*Искерлік белсенділіктің көрсеткіштері*

Активтер айналымдылығының коэффициенті =

Кредиторлық борыштар коэффициенті =

$\frac{\text{Өнімді сатудан түскен түсім}}{\text{Кредиторлық борыштар}}$

Дебиторлық борыштар коэффициенті =

$\frac{\text{Өнімді сатудан түскен түсім}}{\text{Дебиторлық борыштар}}$

Материалдық босалқы қорлар, негізгі құралдар, кредиторлық және дебиторлық борыштарды өтеу мерзімдері бойынша ақпараттар кәсіпорынның есептілігі мен есеп саясатында көрініс табады.

Рентабелдік көрсеткіштері:

Активтер рентабелдігінің коэффициенті =

$\frac{\text{Таза пайда}}{\text{Активтер}}$

Меншікті капитал рентабелдігі коэффициенті =

$\frac{\text{Таза пайда}}{\text{Орта жылдық акционерлік капитал}}$

Өнім рентабелдігі коэффициенті =

$\frac{\text{Өнімді сатудан түскен пайда}}{\text{Өнімнің өзіндік құны}}$

Кәсіпорын қызметінің рентабелдік коэффициенті =

$\frac{\text{Салық салуға дейінгі пайда}}{\text{Активтердің орташа мөлшері}}$

**Қорытынды**

Жоғарыда айтылып кеткендей, бағалау субъектісіне қарамастан кәсіпорын қызметінің тиімділігін талдау қаржылық көрсеткіштерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау көрсеткіштерінің топтары жоғарыда қарастырылған әдістер бойынша анықталады. Оларды анықтауда қаржылық есептілік ақпараттарын қолдану қажеттілігі пайда болатынын дәлелдейді. Қаржылық индикаторларды зерттеу үшін қаржылық есептілігін пайдалану қажеттігі туындайды, ол қаржылық менеджмент индикаторы ретінде қаржылық есептілік екендігін растайды.

**Әдебиеттер**

- 1 О бухгалтерском учете и финансовой отчетности. Закон Республики Казахстан от 28 февраля 2007 года № 234.
- 2 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева Стратегия «Казахстан–2050» новый политический курс состоявшегося государства» 17.01.2014 г.
- 3 Кузьмин О. Индикаторы в системе управления предприятием. <http://masters.donntu.org/2010/fknt>
- 4 Арутюнова Д.В. Методология системного подхода в формировании адаптивного механизма управления организацией // Известия Южного федерального университета. Технические науки. – 2005. – Т. 52. – № 8. – С. 17-21.
- 5 Сибирская Е.В. Система индикаторов управления предприятиями // <http://be5.biz/ekonomika1/r2010/00744.htm>

**References**

- 1 О бухгалтерском учете и финансовой отчетности. Закон Республики Казахстан от 28 февраля 2007 года № 234
- 2 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева Стратегия «Kazakhstan–2050» novyj politicheskij kurs sostojavshegosja gosudarstva» 17.01.2014 g.
- 3 Kuzmin O. Indikatori v sisteme upravleniya predpriyatiem. <http://masters.donntu.org/2010/fknt>
- 4 Arutyunova D.V. Metodologiya sistemnogo podhoda v formirovanii adaptivnogo mehanizma upravleniya organizaciei // Izvestiya Yujnogo federalnogo universiteta. Tehnicheskie nauki. 2005. T. 52. № 8. S. 17\_21.
- 5 Sibirskaya E.V. Sistema indikatorov upravleniya predpriyatijami// <http://be5.biz/ekonomika1/r2010>